






«ҚАЙРАН ЕЛІМ ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ!» АТТЫ КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕР РӘСІМІ ӨТТІ!

 2025 жыл – Жамбыл облысында «кітап оқу жылы» болып жарияланды. Осыған орай, «Әулиеата – кітап оқитын өңір» атты жоба бастау алды.

 Жобаның салтанатты ашылуы «Көне Тараз» тарихи этно-мәдени кешеніндегі «Көркемсурет галереясы» залының ғимаратында өтті.

 Мақсаты – өңір жастарын кітап оқуға баулу, мәдениетті адам болуы үшін рухани байлық – кітапты дәстүрлі түрде оқуына үлес қосу, жалпы жұртшылық пен жастарды ізденуге шақыру болып табылады.

 Іс-шараға Жамбыл облысының әкімі Ербол Шырақпайұлы бастаған бір топ зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, билер алқасы, журналистер, өңір тұрғындары, жастар мен архив қызметкерлері қатысты.

 Жоба аясында өзге жазушылардың кітаптарымен қатар, Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің қорында сақтаулы газет тігінділері арасынан талантты жазушы, публицист Несіпбек Дәутайұлының өзекті мақалалары, эсселері енген «Қайран елім қазағым, қайран жұртым» атты жинақтың тұсаукесер рәсімі өтті.


#архив2025



АРХИВ МАРАПАТТАЛДЫ!

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

«22 желтоқсан – Архившілер күні» мерекесіне орай өңіріміздегі архив саласында жемісті еңбек еткен сала мамандарын марапаттау рәсімі биыл да өз жалғасын тапты. Архив саласында жыл бойы үздік нәтиже көрсетіп, саланың дамуына үлес қосқан қызметкерлерді марапаттау рәсімі өтті.

 Жамбыл облысының мемлекеттік архивінің директорының орынбасары А.Тыныбекова, бөлім басшысы Д.Джайшыбекова Жамбыл облысының әкімінің Құрмет грамотасымен, бөлім басшысының м.а. Г.Кулибаева, есепші У.Жарылкапова, архившілер К.Дауталиева, Н.Керимбекова облыс әкімінің Алғыс хатымен, есепші Р.Оспанова мен архивші Э.Мирзаева Жамбыл облысы әкімдігінің цифрландыру және архивтер басқарма басшысы Алғыс хатымен марапатталды.


 **БАРЛЫҚ МАРАПАТ ИЕЛЕРІН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

#архив2025



□ АРХИВ МАРАПАТТАЛДЫ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің есепшісі Жарылкапова Улдар Шигирбаевна, бөлім басшысы Қыстаубай Арслан Қанатұлы, мемлекеттік сатып алу маманы Никсабаева Айдана Серикқызы Жамбыл облысы әкімдігінің цифрландыру және архивтер басқарма басшысының алғыс хаттарымен марапатталды.



Құттықтаймыз!

#архив2025



Хабарландыру!



БАСҚАРМА БАСШЫСЫ ОБЛЫСТЫҚ АРХИВТІҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІМЕН ТАНЫСТЫ


🌟 “Жамбыл облысы мемлекеттік архиві” коммуналдық мемлекеттік мекемесі жақында Жамбыл облысы әкімдігінің цифрландыру

басқармасы құрамына өтіп, Жамбыл облысы әкімдігінің цифрландыру және архивтер басқармасы болып аталған.

👉 Құрамына енген жаңа мекеменің ғимаратын, атқаратын қызметімен танысу мақсатында басқарма басшысы Руслан Маскауович Нокрабеков архивке ат басын бұрып, сала мамандарымен танысты.

📌 Мекеме директоры Л.Кожыханова және бөлім басшылары ақпаратты технология бөлімінің құжаттарды сканерлеу, желілік қойма қызметімен, құжаттарды сақтайтын қоймалармен және құжаттарды есепке алу бөлімінің қызметін түсіндірді.

#архив2025



□ ХАБАРЛАНДЫРУ ! □

“Жамбыл облысының мемлекеттік архиві” коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2024 жылдың 23 шілде күні “Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру” туралы мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бойынша “АШЫҚ ЕСІК” күні өтетіндігін хабарлайды. □ Мекен-жайымыз: Тараз қаласы, Абай даңғылы 125А. □ Байланыс телефондары: 8 (7262) 45 32 75, 43 15 61.



“САЛАНЫҢ СЕРПІНДІ ДАМУЫНА ШОЛУ” АТТЫ МАҚАЛА ЖАРЫҚ КӨРДІ.

Республика көлемінде шығарылатын “Құжат айналымы мәселелері” атты журналдың №6 санына мекеме директоры Л.Кожаяханованың облыстық архивтің тарихы, атқаратын қызметінен хабар беретін “САЛАНЫҢ СЕРПІНДІ ДАМУЫНА ШОЛУ” атты мақаласы жарық көрді.

#архив2025



"САЛАНЫҢ СЕРПІНДІ ДАМУЫНА ШОЛУ" АТТЫ МАҚАЛА ЖАРЫҚ КӨРДІ

 [shamby_muragat](#)